

Құтарыс ауылы

28.08.2020 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
 - 4) Ш.Алашбаева – Камкоршылық кеңес төрайымы;
 - 5) Ж.Исмайлова – бөбекжай әдіскері;
 - 6) Қ.Нұржанова – Мейірбике;
 - 7) П.Зулутбекова – шаруашылық жөніндегі меңгеруші;
 - 8) Педагог мамандар, кіші қызметкерлер – 39 адам;
- Барлығы: 46 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспарды таныстыру, бекіту;
Жауапты: меңгеруші К.Абдраманова
2. Тәрбиешілерге шығармашылық тақырыптарын таныстыру, бекіту;
Жауапты: әдіскер Ж.Исмайлова
3. Тоғыз өпелі тақырыпты бекіту. Вариативтік компонент;
Жауапты: әдіскер Ж.Исмайлова
4. Жаңа оқу жылына дайынбыз ба? Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары;
Жауапты: Шаруашылық меңг. П.Зулутбекова
5. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды: «Балабақшаның 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспарды таныстыру, бекіту»

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз алған мекеме меңгерушісі К.Абдраманова 2019-2020 оқу жылында карантиндік жағдайға байланысты балалар шектеу шараларына сәйкес демалыста болса, биылғы оқу жылынан пандемияға байланысты шектеу шаралары әлі де жалғасып жатқандықтан кезекшілік топтар арқылы жұмыс жасайтындығын айтып өтті. Ата-аналарға кезекші топтар ашылатындығын, онда 15 баладан аспау қажеттігін, топтарда алшақтықты сақтай отырып жұмыс жүргізу қажеттігін, әр топта санитарлық талаптарға сәйкес жұмыстардың ұйымдастырылуын тапсырды. Карантиндік кезеңге сәйкес екі түрлі кезекші және дәстүрлі түрде сабақ кестесі және перспективалық жоспарлар жасалынсын. Дәстүрлі кезеңге өткен жағдайда аталған жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілетін болады. Жылдық жоспарға жазғы кезеңде балалар болмағандықтан сауықтыру-шынықтыру шаралары қазіргі кезеңге сәйкестендіре отырып жасалынсын. Жылдық жоспардың құрылымымен мекеме әдіскері Ж.Исмайлова толықтай тоқталып, алдағы уақытты атқарылатын жұмыстарды тізбектеп берді. Карантиндік кезең болса да немесе дәстүрлі кезеңге өтсек те «Халықтық педагогика – тәрбие тірегі» тақырыбында аудандық семинар жоспарланып отырғандығы, ол 2021 жылдың наурыз айында өткізілетіндігін айтты. Сондықтан, балалардың пандемияға байланысты біраз уақыт балабақшада тәрбиеленбеуіне байланысты жүш-жігерді толығымен жұмсай отырып жұмыс жасауға шақырды. Шектеу шараларының талаптарын қатаң сақтауды да тілге тиек етті.

Жиналыс шешім етті:

1. 2020-2021 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары басшылыққа алынсын;
2. Сабақ кестесі шектеу шараларына сәйкес кезекші топтарға және дәстүрлі түрдегі кезеңге дайындалсын;
3. Бөбекжайда балаларды қабылдау үшін санитарлық талаптар сақталынсын;
4. Күн тәртібі бекітілсін;
5. Жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралардың орындалуына жауапты болып әдіскер Ж.Исмайлова бекітілсін.

Тыңдалды: «Тәрбиешілерге шығармашылық тақырыптарын таныстыру, бекіту»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмайлова 2020-2021 оқу жылында шығармашылық жұмыстармен айналысатын педагогтардың тақырыптарын бекітіп беріп, алдағы уақытта осы тақырыптар бойынша жұмыс жүргізетіндіктерін айтты.

Шығармашық тақырыптар:

- 1) К.Абдраманова - Мектепке дейінгі бала тәрбиесіндегі ойын арқылы сөйлеуді дамыту;
- 2) А.Аймбетова - Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін ойын технологиялары арқылы дамыту;
- 3) Р.Бекеева - Ерте жастағы балаларда тілді дамытуды ойын технологиялары арқылы ұйымдастыру;
- 4) Н.Жакипова - Ойын технологиясы арқылы балалардың шығармашылығын дамыту;
- 5) Г.Жунусбаева - Орта топ жасындағы балалардың сөйлеуінің дамуын ойын технологиялары арқылы жетілдіру;
- 6) Д.Муталиева - Ойын технологиялары арқылы сауат ашу негіздерін тәрбиеленушілердің оңай меңгеру жолдары;
- 7) Л.Рустемова - Мектепке дейінгі балаларын ойын технологиялары арқылы өзін-өзі тануға баулу;
- 8) М.Суянова - Қоршаған ортамен танысу барысында ойын технологияларының ролі;
- 9) М.Төлеген - Ұлттық ойындар арқылы балаларды дамыту жолдары.

Аталған шығармашылық тақырыптар бойынша оқу жылы барысында материалдар жинақтау жұмыстары жүргізіліп, жарты жылдық және жылдық қорытындылар жасалуы қажеттігі түсіндірілді.

Жиналыс шешім етті:

1. 2020-2021 оқу жылында берілген шығармашылық тақырыптарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін;
2. Әр педагог жарты жылдық және жылдық қорытынды жасап, есеп берсін;
3. Балалардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру мақсатында осы тақырыптар аясында жұмыстарды күнделікті ұйымдастыру

карастырылсын;

4. Ең үздік деп танылған шығармашылық жұмыстар балабақша ішілік таратылсын;

5. Шығармашылық жұмыстарды педагогтар арасында талдау, түсіндіру, тарқату жұмыстарын ұйымдасу тәрбиеші Л.Рустевоваға жүктелсін.

Тыңдалды: «Тоғыз өтпелі тақырыпты бекіту. Вариативтік компонент»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова білім беру процесінде ұсынылатын «Өтпелі» тақырыптар туралы айта келіп, биылғы оқу жылындағы өтпелі тақырыптармен таныстырды:

Қыркүйек айының тақырыбы – «Балабақша», қазан айының тақырыбы – «Менің отбасым», қараша айының тақырыбы – «Дені саудың жаны сау», желтоқсан айының тақырыбы – «Менің Қазақстаным», қаңтар айының тақырыбы – «Табиғат әлемі», ақпан айының тақырыбы – «Бізді қоршаған әлем», наурыз айының тақырыбы – «Салттар мен фольклор», сәуір айының тақырыбы – «Біз еңбеккер баламыз» және мамыр айының тақырыбы – «Әрқашан күн сөнбесін» деп белгіленді. Осы айлық тақырыптарға сәйкес аптылық тақырыптар да белгіленді. Сонымен қатар, балаларды күн режимі барысында қызықтыру, ынталандыру мақсатында вариативтік компоненттер ортаңғы, ересек және МАД топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес тақырыптары белгіленіп, жоспар түзілді.

Жиналыс шешім етті:

1. 2020-2021 оқу жылында берілген өтпелі тақырыптарға сәйкес ;

2. Әр педагог жарты жылдық және жылдық қорытынды жасап, есеп берсін;

3. Балалардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру мақсатында осы тақырыптар аясында жұмыстарды күнделікті ұйымдастыру қарастырылсын;

4. Ең үздік деп танылған шығармашылық жұмыстар балабақша ішілік таратылсын;

5. Шығармашылық жұмыстарды педагогтар арасында талдау, түсіндіру, тарқату жұмыстарын ұйымдасу тәрбиеші Л.Рустевоваға жүктелсін.

Тыңдалды: «Жаңа оқу жылына дайынбыз ба? Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары»

Күн тәртібінің кезекті мәселесі бойынша сөз алған бөбекжайдың шаруашылық жөніндегі меңгерушісі П.Зулутбекова жаңа оқу жылына мекеменің дайындығы, топтардағы тазалық, қазіргі пандемия кезіндегі санитарлық талаптардың сақталуына қажетті құрал-жабдықтар, оларды пайдалану нұсқаулығы жөнінде мәлімет берді. Сонымен қатар, кезекшілік топтардың жұмыс барысында нені сақтау қажеттігі жөнінде қаулылармен таныстырып өткен шаруашылық меңгерушісі, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар мен балабақшаны тазалықта ұстау үшін қандай жұмыстарды күнделікті орындау қажеттігіне де тоқталып өтті. Ата-аналармен байланысты қалай орнату қажеттігі мен балаларды таза ауада көбірек серуендету жөніндегі нұсқаулықпен бөбекжай мейірбикесі Қ.Нұржанова да таныстырды. Педагогтар мен кіші қызметкерлердің атқаратын жұмыстары, қауіпсіздік шаралары жөніндегі нұсқаулықтар бойынша практикалық көрсетілімдер арқылы таныстыру, іс-тәжірибе жұмыстары жүргізілді.

Жиналыс шешім етті:

1. Пандемияға сәйкес кезекші топқа келетін балалардың ата-аналарынан өтініштер алынсын;

2. Кезекші топқа келетін ата-аналарға нұсқаулық дайындалып, таныстырылсын;

3. Санитарлық талаптарға сәйкес шектеу шараларын түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

4. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулығымен жоспарға сәйкес таныстыру, іс-тәжірибеден өткізу жұмыстары ұйымдастырылсын;

5. Бөбекжай қызметкерлері мен балалардың денсаулығына жауаптылық шаруашылық меңгерушісі мен мейірбикеге жүктелсін.

Тыңдалды: «Ағымдағы мәселелер»

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова жұмыс барысында көтерілген басқа да мәселелер бойынша қызметкерлермен пікір алмасты. Шектеу шараларының қатаң сақталуына баса назар аударуға шақырды. Денсаулық - басты байлық екендігін айта келіп, алдағы жұмыс барысында санитарлық талаптарды қатаң сақтауға шақырды.

Жиналыс шешім етті:

1. Санитарлық талаптар қатаң сақталынсын;

2. Кезекші топтардағы жұмыстар мейірбике мен шаруашылық меңгерушісінің жігі назарында болсын;

3. Бөбекжай әдіскері бөбекжай қызметкерлерінің ата-аналармен байланысын талаптарға сәйкестендіру жұмыстарын ұйымдастырсын;

4. Бөбекжай қызметкерлерінің нұсқаулығымен таныстырылсын;

5. Күз мезгіліне сәйкес ас мәзірі дайындалсын;

6. Қысқы кезеңге дайындық барысы жөнінде шаруашылық меңгерушісінің есебі қанағаттандырылсын;

7. Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелердің орындалуына жауаптылық әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

Құтарғы ауылы

22.01.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
 - 4) Ш.Алашбаева – Камқоршылық кеңес төрайымы;
 - 5) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 6) Педагог мамандар – 17 адам;
- Барлығы: 21 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Бөбекжай жұмысының I жарты жылдық есебі

1. «Шығармашылық жұмыс» топтар бойынша есеп беру;

Жауапты: тәрбиеші Л.Рустемова

2. Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құзіреттілігін қамтамасыз ету, бастапқы, аралық мониторинг нәтижесін талдау;

Жауапты: әдіскер Ж.Исмаилова

3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды: «Шығармашылық жұмыс» топтар бойынша есеп беру»

Өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша жеке-жеке тоқталып өткен бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз кезегін тәрбиеші Л.Рустемоваға ұсынды, ол өз кезегінде педагогтардың шығармашылық жұмыстарына тоқтала келіп, әр педагогтың атқарып жатқан жұмыстары, топтардың жас ерекшеліктеріне сәйкес атқарылып жатқан жұмыстар туралы әр педагог өз шығармашылық жұмыстарының барысы жөнінде әдістемелік кеңесте жан-жақты тоқталды. Осы атқарылған жұмыстар жөнінде тәрбиеші Л.Рустемова 2020-2021 оқу жылының I жарты жылдығында атқарылған шығармашылық жұмыстарға тоқтала келіп, жұмыс барысында жіберген кемшіліктерге де тоқталды. Алдағы уақытта аталған кемшін тұстарды жою үшін ұсыныстармен де бөлісті. Осылайша келесі қорытынды есеп бергенге дейінгі кезеңде атқарылатын жұмыстармен толықтай түсіндіру жұмысын жүргізді.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші Л.Рустемованың шығармашылық жұмыстар туралы I жарты жылдық есебі басшылыққа алынсын;
2. Шығармашылық тақырыптары бойынша педагогтардың материалдарды жинақтау жұмыстары әрі қарай толықтырылсын;
3. Шығармашылықпен толықтай айналыспаған педагогтар жұмыстарын толықтырсын;
4. Шығармашылық тақырыптарын байланыстыра отырып ұйымдастырылған оқу қызметтерін, күннің екінші жартысындағы жұмыстары ұйымдастырылсын;
5. Осы қаулының орындалуын қадағалау тәрбиеші Л.Рустемоваға жүктелсін.

Тыңдалды: «Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құзіреттілігін қамтамасыз ету, бастапқы, аралық мониторинг нәтижесін талдау»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2020-2021 оқу жылындағы бастапқы және аралық мониторинг нәтижелеріне тоқталды. Онда, денсаулық білім саласы бойынша 2019-2020 оқу жылының бастапқы мониторингінде көрсеткіші – 64,0 пайыз болса, биылғы жылы 59,49 пайызды құрап отыр. Ал, қатынас саласында өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 54,29 пайызды көрсетсе, биылғы оқу жылында – 62,29 пайызды көрсетуде. Таным саласы бойынша өткен оқу жылында – 60,0 пайыз болса, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 61,14 пайызды құрауда. Шығармашылық саласы бойынша өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 63,43 пайыз болса, биылғы жылы – 60,57 пайыз болуда, ал, әлеумет саласы бойынша өткен оқу жылындағы көрсеткіш – 58,86 пайызды көрсетсе, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 51,43 пайызды құрауда. Былтырғы оқу жылында бір ерте жас, бір кіші, екі оранғы, екі ересек және бір мектепалды даярлық тобы болса, биылғы оқу жылында топтардың жас ерекшеліктері бір кіші, екі ортаңғы, үш ересек және бір мектепалды даярлық тобы болып жасақталған. Жас ерекшеліктері былтырғы оқу жылына қарағанда жоғарылағанымен денсаулық, шығармашылық және әлеумет салаларында пайыздық көрсеткіштердің кемуі байқалады. Ондағы себеп, карантиндік шаралардың әсерінен аурушандықтың көбеюі, балалардың балабақшаға келуіне кедергі келтіруде. дегенмен, қатынас және таным салаларының көрсеткіштерінің жоғарылағандығын байқаймыз, өйткені оқу процесі қашықтықтан да жалғасып жатқандықтан, үздіксіз білім процесінің жүруі себебінен деп топшалауға мүмкіндік бар. Ал, аралық мониторинг көрсеткіштері төмендегіше нәтиже берді өткен оқу жылында денсаулық саласы бойынша көрсеткіш – 44,57 пайыз болса, биылғы оқу жылында бұл көрсеткіш – 44,0 пайызды көрсетуде, яғни, 0,57 пайызға кеміген. Қатынас білім саласы өткен жылы – 39,43 пайыз болса, биылғы оқу жылында – 41,14 пайызды көрсетуде, 1,71 пайызға өскен. Таным білім саласы өткен оқу жылында – 46,29 пайызды көрсетке, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 47,43 пайызды көрсетуде, 1,14 пайызға артқан. Шығармашылық білім саласы өткен оқу жылында – 43,43 пайызды көрсетсе, биылғы оқу жылында бұл көрсеткіш – 53,71 пайызды құраған, яғни 10,28 пайызға артқан. Ал, әлеумет білім саласы өткен оқу жылында – 37,14 пайыз болса, биылғы оқу жылында бұл көрсеткіш – 46,86 пайызды құрап, 9,72 пайызға артқандығын байқаймыз. Мұндағы денсаулық саласының төмендеуі балабақшада спорт залдың жоқтығы, дене шынықтыру нұсқаушысының болмау себебінен де болуы мүмкін. Дегенмен, тәрбиешілер тарапынан жұмыстар жүргізілуде. Спорттық жарыстарды да қолға аламыз деп жоспарлап отырмыз. Қалған білім салаларының жоғары деңгей көрсету себебі шектеу шараларының тоқтатылып, қалыпты жағдайда білім бер мен тәрбие процесінің жүргізілуінің нәтижесі. Алдағы уақытта жұмыс жоспарымызға денсаулық саласын нығайту үшін іс-шаралар түзіліп, сауықтыру-шынықтыру шараларын жолға қоюға баса назар аудару қажеттігін түсіндіріп өтті.

Жиналыс шешім етті:

1. Бастапқы және аралық мониторингтің талдау нәтижесі басшылыққа алынсын;
2. Әр топ жетекшілері мен мейірбике бірлесе отырып денсаулық саласының жандануына жұмыс жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін;

3. Балалардың денсаулығын нығайтуға ас мәзірінің де үлесі орасан зор болғандықтан мерзімдік ас мәзірі талапқа сай қайта жасалынсын;
4. Жылдық жоспарға сай топтар арасында спорттық жарыстар, ата-аналармен бірлесе отырып спорттық жарыстар ұйымдастырылсын;
5. Денсаулық саласындағы жіберілген кемшіліктерді толықтыру жұмыстарын бақылау әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Ағымдағы мәселелер»

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова жұмыс барысында көтерілген басқа да мәселелер бойынша қызметкерлермен пікір алмасты. Шектеу шаралары бәсеңдегенімен әлі де санитарлық талаптарды сақтауды, іс-шаралар өткізу барысында ата-аналардың барлығын шақырмауды, мүкіндігінде маскалық режимді сақтауды, алдағы өткізілетін семинардың дайындық жұмыстарын жүргізуді ескертті.

Жиналыс шешім етті:

1. Санитарлық талаптар қатаң сақталынсын;
2. Топтардың жұмыстары мейірбике мен шаруашылық меңгерушісінің жіті назарында болсын;
3. Бөбекжай әдіскері бөбекжай қызметкерлерінің ата-аналармен байланысын талаптарға сәйкестендіру жұмыстарын ұйымдастырсын;
4. Семинарға дайындық жұмысы ұйымдастырылсын;
5. Педагогтарды аттестаттау мәселесі назарда ұсталсын;
6. Қыс мезгіліне сәйкес ас мәзірі дайындалсын;
7. Қысқы кезеңге қатты отынның, от жағатын пештердің, батареялардың ақаулары қаралып, қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізілсін;
8. Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелердің орындалуына жауаптылық әр сала бойынша мейірбике, шаруашылық меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс торайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

Құтарыс ауылы

30.03.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
 - 4) Ш.Алашбаева – Камқоршылық кеңес төрайымы;
 - 5) Ж.Исмайлова – бөбекжай әдіскері;
 - 6) Педагог мамандар – 14 адам;
- Барлығы: 19 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Шығармашылық» білім саласы бойынша балалардың негізгі құзіреттілігін қамтамасыз етудің әдістері мен тәсілдері

1. «Баланы қалай мәдениетті тәрбиелеуге болады?»

Жауапты: психолог Ж.Умирова

2. Күннің екінші жартысында вариативтік компонент жұмыстарының жүргізілу барысы туралы;

Жауапты: әдіскер Ж.Исмайлова

3. Мерекелік іс-шаралардың өту барысы мен байқауларға қатысу нәтижелері туралы;

Жауапты: әдіскер Ж.Исмайлова

4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды: «Баланы қалай мәдениетті тәрбиелеуге болады?»

Өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша тоқталып өткен бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова – «Халықтық педагогика – тәрбие тірегі» тақырыбында өткізілген аудандық семинар барысын, ондағы ең жоғары деңгейде өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі, іс-әрекеттер бойынша жіберілген кемшіліктерге тоқталып, семинар барысында атқарылған жұмыстарға келген қонақтардың оң баға бергендігін атап өтіп, барша балабақша қызметкерлеріне алғыс білдірді. Сонымен қатар, санитарлық талаптардың әлі де толығымен алынбағанын айта келіп, талаптарды сақтауға шақырды. Осылайша педагогикалық кеңестің бүгінгі тақырыбына тоқталып, күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз кезегін бөбекжайдың педагог-психологы Ж.Умироваға ұсынды. Ол өз кезегінде педагогтардың бала тәрбиесіндегі жұмыстарына тоқтала келіп, баланы қалай мәдениетті етіп тәрбиелеу жолдарына талдау жасады. Педагогтармен тренинг өткізу арқылы балалардың бойынан жақсы қасиеттерді көре білуге, оны жарыққа шығаруға ықпал етуді үйретті. Ата-аналармен байланыса отырып, балалардың тәрбиесіне отбасы мүшелері арқылы ықпал етуге шақырды. Мәдениеттілікті бала бойына сіңірту үшін алдымен педагог өзін түзеуі қажеттігін, педагогтың іс-қимылына, сөйлеу мәнеріне балалар ерекше мән беріп, еліктеу жоғары деңгейде болатын болғандықтан өзін де отбасы мүшелерін де мәдениеттілікке баулу қажеттігі, ойын арқылы тәрбиелеуге шақырды.

Жиылыс шешім етті:

1. Педагог-психолог Ж.Умированың «Баланы қалай мәдениетті тәрбиелеуге болады?»

тақырыбындағы баяндамасы басшылыққа алынсын;

2. Бала тәрбиесі басты назарда болуы қадағалансын;

3. Ата-аналармен бала тәрбиесі жөнінде сауалнама алынсын;

4. Мәдениеттілікке баулу жұмыстары ұдайы назарда ұсталсын;

Тыңдалды: «Күннің екінші жартысында вариативтік компонент жұмыстарының жүргізілу барысы туралы»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмайлова 2020-2021 оқу жылындағы вариативтік компонент бойынша әр топ тәрбиешілерінен алынған есептерге талдау жасады. «Балапан» ортаңғы тобының тақырыбы «Логика. Ойнайық та ойлайық», «Қошақан» ортаңғы тобының тақырыбы «Логика. Ойнайық та ойлайық», «Айгөлек» ересек тобының тақырыбы «Шебер қолдар», «Тапқыштар әлемі», «Жұлдыз» ересек тобының тақырыбы «Кішкентай жұлдыздар», «Кішкентай суретшілер», «Балдәурен» ересек тобының тақырыбы «Жас тілмаштар», «Шебер қолдар» және «Балауса» мектепалды даярлық тобының тақырыбы «Ұлттық ойын», «Қызықты математика» және «Өнерлінің қолы ортақ». Ортаңғы топтарда вариативтік компонент аптасына бір рет, ересек топтарда аптасына екі рет және мектепалды даярлық тобында аптасына үш рет өткізілетіндігі, педагогтардың таңдап алған тақырыптарына сәйкес атқарылып жатқан жұмыстар, оның нәтижелері жөнінде айтылды. Еркін ойын барысында да тақырыпқа сай вариативтік компоненттердің элементтерін үйлестіру жұмыстары ұдайы назарда болуын түсіндіре келіп, балалардың балабақшадағы уақытын қызықты етіп, олардың зерттеу жұмыстарын да осы вариативтік компонент тақырыптарымен байланыстыруды, шығармашылық жұмыстарының үйлесім табуын қадағалауды тапсырды.

Жиылыс шешім етті:

1. Вариативтік компонент жоспарына сай күннің екінші жартысын жоспарлау жұмыстары үйлестірілсін;

2. Педагогтар шығармашылық жұмыстарын вариативтік компонент жоспарына байланыстыра отырып күннің екінші жартысын жоспарлауды қолға алсын;

3. Тәрбиешілерден вариативтік компонент жоспарының орындалу барысы мен нәтижелері туралы есеп алынсын;

4. Вариативтік компонент жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар барысында шығармашылық сала бойынша балалардың құзіреттілігінің даму қарқыны ескерілсін;

5. Осы қаулыны орындауды бақылау әдіскер Ж.Исмайловаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Мерекелік іс-шаралардың өту барысы мен байқауларға қатысу нәтижелері туралы»

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмайлова 2020-2021 оқу жылында атқарылған іс-шаралар жөнінде есеп берді. Сонымен қатар, тәрбиеленушілер мен педагогтардың қашықтықтан және дәстүрлі түрде өткізілген жарыстарға қатысу барысы жөнінде де тоқталып өтті. 2020-2021 оқу жылында пандемияға байланысты жарыстар көбіне қашықтықтан өткізілгендігін айта келіп, Республикалық «Біз өмірдің гүліміз» бұлдіршіндер арасындағы өнер байқауында хореография жанрынан II

дәрежелі дипломмен «Балауса» МАД тобының тәрбиеленушілері - Алмахан Сабыр, Прәлі Несібелі, Әдіпбек Аяла, Палжігіт Ұлжалғас, Кумекбай Арсен және Арыстанбек Айзере марапатталды, жетекшісі Д.Муталиева, осы жарыстың «Бейнелеу өнері» жанрынан I дәрежелі дипломмен «Балдәурен» ересек тобының тәрбиеленушісі Бауыржан Айару марапатталды, жетекшісі М.Төлеген жетістікке жеткендігін атап өтті. Педагогтарды алдағы уақытта өтетін жарыстарға қатысуға және тәрбиеленушілердің өнерін шындай отырып, түрлі жарыстарға қатыстыруға шақырды.

Жиналыс шешім етті:

1. Республикалық «Біз өмірдің гүліміз» бұлдіршіндер арасындағы өнер байқауына балаларды дайындап қатыстырғаны үшін тәрбиешілер Д.Муталиева мен М.Төлегенге бөбекжай меңгерушісі атынан алғыс хат беру ұсынылсын;
2. Алдағы уақытта осындай балабақша ішілік, аудандық, облыстық, республикалық дейгейдегі жарыстарға қатысу жұмыстары жандандырылсын;
3. Тәрбиеленушілердің, педагогтардың шығармашылығын шыңдау мақсатында мақалалар жазу, жарыстарға қатыстыру жұмыстары ұдайы назарда болсын;

Тыңдалды: «Ағымдағы мәселелер»

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова жұмыс барысында көтерілген басқа да мәселелер бойынша қызметкерлермен пікір алмасты. Шектеу шаралары бәсеңдегенімен әлі де санитарлық талаптарды сақтауды, іс-шаралар өткізу барысында ата-аналардың барлығын шақырмауды, мүкіндігінше маскалық режимді сақтауды, қорытынды мониторинг жұмыстары мен жылдық қорытынды есептерін жасауды тапсырды. Балалардың шығармашылығын шыңдауда вариативтік компоненттің алатын орны ерекше екендігін айта келіп, бүгінгі педагогикалық кеңесті қорытындылады.

Жиналыс шешім етті:

1. Санитарлық талаптар қатаң сақталынсын;
2. Топтардың жұмыстары мейірбике мен шаруашылық меңгерушісінің жіті назарында болсын;
3. Балалардың шығармашылығын шыңдау мақсатында сурет салу, жапсыру, сән әлемі, музыка салалары бойынша балабақша ішілік жарыстар ұйымдастырылсын;
4. Қысқы мерзімнің аяқталуына байланысты жылыту жүйелерінің жұмысына тексеру, шаю, қысымдау жұмыстары ұйымдастырылсын;
5. Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелерге әдіскер Ж.Исмайлова жауапты болып бекітілсін.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

Құтарис ауылы

27.05.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
 - 4) Ш.Алашбаева – Камқоршылық кеңес төрайымы;
 - 5) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 6) Қ.Нұржанова – мейірбике;
 - 7) П.Зулутбекова – шаруашылық меңгерушісі;
 - 8) Педагог мамандар мен кіші қызметкерлер – 27 адам;
- Барлығы: 34 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Оқу жылының барысында жүргізілген жұмыстарын қорытындылау

1. Білім беру салалары бойынша балалардың құзіреттілігін қамтамасыз ету, қорытынды мониторинг

Жауапты: әдіскер Ж.Исмаилова

2. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарларымен таныстыру, бекіту;

Жауапты: әдіскер Ж.Исмаилова

3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды: «Білім беру салалары бойынша балалардың құзіреттілігін қамтамасыз ету, қорытынды мониторинг»

Өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша тоқталып өткен бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова – Балаларың шығармашылығын шыңдау барысында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала келіп, қашықтықтан ұйымдасытырылып жатқан жарыстарға тәрбиеленушілерді дайындауды, педагогтардың да шығармашылықтарын шыңдауына кеңес берді. Сонымен қатар, санитарлық талаптардың әлі де толығымен алынбағанын айта келіп, талаптарды сақтауға шақырды. Осылайша педагогикалық кеңестің бүгінгі тақырыбына тоқталып, күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз кезегін бөбекжайдың әдіскері Ж.Исмаиловаға ұсынды. Ол өз кезегінде тәрбиеленушілердің Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша қорытынды мониторинг жөнінде есеп берді. Қорытынды мониторингті алдыңғы екі жылмен салыстыра келіп, төмендегіше мәлімет берді. 2018-2019 оқу жылындағы қорытынды мониторинг – 67,37 пайыз болса, 2019-2020 оқу жылында бұл көрсеткіш – 70,34 пайызды, ал, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 73,83 пайызды көрсетіп отырғандығы айта келіп, жалпы алғанда жыл сайын үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейі өсіп отырғандығының куәсі болып отырмыз. Бұл жыл сайын педагогтардың іс-тәжірибесінің артқандығының нәтижесі деп түсінеміз. 2018-2019 оқу жылымен салыстырғанда 6,37 пайызға, ал былтырғы жылмен салыстырғанда 3,49 пайызға артқандығын байқаймыз. Жыл сайынғы деңгейдің 3 пайыздан аса өсім болғандығы қорытынды мониторинг қорытындысынан көрініп тұр. Педагогтардың білімінің шыңдалуы арқасында және ата-аналардың бала тәрбиесіне ден қоя бастауының нәтижесінде жоғары деңгей көрсеткішіне қол жеткізіп келе жатқандығымызды қуанышпен жеткізді.

Жиналыс шешім етті:

1. Әдіскер Ж.Исмаилованың «2020-2021 оқу жылы бойынша қорытынды даму мониторингі үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру барысы» жөніндегі есебі басшылыққа алынсын;
2. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жеткен жетістіктер мен кемшін тұстар анықталып, жұмыстар жүргізілсін;
3. Балалардың жеке даму картасына сәйкес төмен және орташа деңгейдегі балалармен жұмыс жеке ұйымдастырылсын;
4. Алдағы уақытта да үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша жұмыстар нақтыланып, балалардың құзіреттілігін қалыптасуы жұмыстары ұдайы жүргізілсін;

Тыңдалды: «Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарларымен таныстыру, бекіту»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2020-2021 оқу жылының жазғы сауықтыру жоспарын бекітуді, оған өтпелі тақырыптар ұсынды. 2020-2021 оқу жылының өтпелі тақырыбы маусым айына «», шілде айына «», тамыз айына «» болып бекітіліп, апталық тақырыптары да анықталып берілді. Жазғы сауықтыру жоспарына сәйкес әр топ іс-шаралар ұйымдастығырып, жарыстар өткізуді жоспарлады. Жазғы мезгілдің күн режимі бекітіліп, сабақ кестесі түзілді және жоспарлары бекітіліп берілді.

Жиналыс шешім етті:

1. Өтпелі тақырыптарға сәйкес жазғы мезгілге тақырыптар анықталсын, бекітілсін;
2. Күн режимі жазғы кезеңге сәйкес түзіліп, бекітілсін;
3. Жазғы кезеңге сабақ кестесі бекітілсін;
4. Жазғы кезеңнің ас мәзірі дайындалып, бекітілсін;
5. Жазғы кезеңде атаулы мерекелерге, өтпелі тақырыптарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылсын;
6. Балалардың жазғы кезеңінің қызықты өтуіне жауаптылық әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Ағымдағы мәселелер»

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова жұмыс барысында көтерілген басқа да мәселелер бойынша қызметкерлермен пікір алмасты. Шектеу шаралары бөсеңдегенімен әлі де санитарлық талаптарды сақтауды, іс-шаралар өткізу барысында ата-аналардың барлығын шақырмауды, мүкіндігінше маскалық режимді сақтауды үнемі жұмыс барысында ережелерді сақтауды тапсырды. Сонымен қатар, алдағы уақытта жылыту маусымының барыс туралы жұмысты үйлестіруді шаруашылық меңгерушісіне тапсырды. Әр топ қызметкерлері сани тарлық талап нормаларын сақтау, тазалық, кварцтау жұмыстарын жүргізіп отыруға шақырды.

Жиналыс шешім етті:

1. Санитарлық талаптар қатаң сақталынсын;
2. Топтардың жұмыстары мейірбике мен шаруашылық меңгерушісінің жіті назарында болсын;
3. Балалардың жазғы сауықтыру шараларына жауаптылық мейірбике Қ.Нұржановаға жүктелсін;

4. Ауа, күн және су ванналары жоспарлансын;
5. Токсанына бір рет мейірбике балалардың салмағы, бойы және аурудың алдын алу шаралары жөнінде есеп дайындасын;
6. 2020-2021 оқу жылының жылдық құжаттары жинақталып, балабақшаның архивіне өткізілсін;
7. Қауіпсіздік шараларын нығайту бойынша ата-аналарға жазғы шомылу бойынша нұсқаулық берілсін;

Жиналыс торайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева